

«Kaspi Bank» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы»
18.01.2021 жылғы № 15/2 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы»
«23» 06 2025ж. №172 бұйрыққа
№1 қосымша

«Kaspi Bank» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы»
2021 жылғы «18» қаңтардағы № 15/2 бұйрыққа
№1 қосымша

«Kaspi Bank» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

Міндеттер, соның ішінде функциялар, өкілеттіктер, міндеттер атауы	Жүзеге асырылатын міндет аясында жинау және өңдеу мақсаттары	Белгілі бір мақсат үшін дербес деректердің атауы	Меншік иесі және (немесе) оператор жүзеге асыратын міндеттерге тікелей нұсқаулары бар құжаттарды немесе нормативтік құқықтық актілерді көрсету
1. Банктің жарғысына және Банкке берілген банктік және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензияға сәйкес банктік және өзге операцияларды жүргізу, қызмет көрсету. 2. Дербес деректер субъектісіне Банктің көрсететін қызметтері туралы, Банктің жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлегені туралы ақпарат ұсыну. 3. Дербес деректер субъектісімен кез келген шарттарды жасасу және ары қарай оларды орындау.	Дербес деректерді өңдеу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Банктегі дербес деректерді өңдеген кезде адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігін қорғау саласында заңнаманың талаптарын жүзеге асыру. Клиенттің (Дербес деректер субъектісінің) төлемдік және өзге нұсқауларын орындау. Мемлекеттік қызметтерді алу және ҚР-ның «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңнамасын орындау. Электрондық банк қызметтеріне және/немесе Kaspi.kz мобильді қосымшасында сервистердің өзге де қызметтеріне қашықтан/қашықтықтан қол жеткізу кезінде және/немесе Шарттарға сай	Тегі Аты Әкесінің аты (болған кезде). Тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны, бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты туралы мәліметтер. Тұрғылықты/тіркелген жерінің мекенжайы, тұрғылықты жері немесе уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркелген күні. Байланыс/мобильді телефондарының нөмірі. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), баланың ЖСН. Мемлекеттік деректер қорынан, зейнетақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдардан, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың деректер қорынан және тұлғалардан тікелей және үшінші тұлғалар арқылы алынған мәліметтер. Медициналық есепке алу деректері:	Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (Астана қ., 2014 жылғы 29 мамыр) 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚР Заңымен бекітілді. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (Кишинев, 2002 жылғы 7 қазан). 2004 жылғы 10 наурыздағы N 531-II ҚР Заңымен бекітілді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы келісім (Мәскеу қ., 1992 жылғы 13 наурыз). 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР Еңбек кодексі. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚР Кодексі.

4. Банктің зерттеулер жүргізіп, науқандар өткізуі, сұрақ-жауап алуы. 5. Кадрлық жұмыс жүргізу және Банктің жұмыскерлерін есепке алуды, Үміткерлерді тарту және іріктеуді ұйымдастыру. 6. Статистикалық есептілікті жасақтау, соның ішінде үшінші тұлғаларға беру үшін. 7. Банктің әкімшілік-шаруашылық қызметті жүргізуі. 8. Алаяқтық, шоттан ақша ұрлау жағдайларын, өзге заңға қайшы әрекеттерді анықтау, ары қарай мұндай заңға қайшы әрекеттерді болдырмау және осындай әрекеттердің салдарын оқшаулау.	мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету кезінде қауіпсіздік рәсімдерінен өту (соның ішінде тіркеген немесе сәйкестендірген немесе аутентификациялаған кезде және т.б.).	баланың тууы туралы (тіркеуші органдарға ұсыну үшін беріледі); дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды (Ф - 075/у медициналық анықтамасы); уақытша еңбекке жарамсыздық туралы; еңбек міндеттерін орындау мүмкіндігін растайтын сараптамалық кәсіби патологиялық сараптаманың қорытындысы немесе өзге де медициналық қорытынды; мүгедектік туралы. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН). Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті), бейне-және аудиожазба; Биометриялық деректері: бетінің үш өлшемді бейнесі, саусақтарының іздері, қол білегі/саусақ сұлбасының геометриясы, көздің нұрлы қабығының/қарашығының өрнегі, қантамырлар жүйесінің (көктамырдың) сұлбасы, дауысы. Қолы (өз қолымен қойған және электрондық-цифрлық). Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжат берілген күні; құжаттың қолданылу мерзімі; құжатты берген орган Туу туралы деректер: туған күні; туған жері. Жынысы Отбасылық жағдайы туралы мәліметтер: некеде бар-жоғы; неке қию туралы куәліктің деректері; некені бұзу туралы куәліктің деректері; зайыбының (жұбайының) тегі, аты, әкесінің аты; зайыбының (жұбайының) жеке басын куәландыратын құжатының деректері; туыстық деңгейі; отбасының басқа мүшелерінің, қарауындағы адамдардың тегі, аты, әкесінің аты және туған күндері; балаларының (оның ішінде асырап алған, қарауындағы) бар-жоғы және олардың жасы; балалардың туу туралы куәлігінің деректері.	«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚР Кодексі. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 ҚР Заңы «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі №11-VI ҚР Заңы «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі №573 ҚР Заңы «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V Қазақстан Республикасының Заңы. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Қазақстан Республикасының Заңы. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚР Заңы. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы №191-IV ҚР Заңы. «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1453 қаулысы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысы.
--	---	--	---

		Азаматтығы туралы деректер. Соттылығының болуы (болмауы). Жұмыс орны мен лауазымы. Жалақысы туралы мәліметтер. Шетелдегі мекенжайы. Электрондық поштаның мекенжайы, пайдаланушының аты, Интернет-ресурстардағы сайты, тіркелу жазбасы, қауіпсіздік токені, пароль хеші. Зейнетақы қорынан және жеке шотына түсімдерден мәліметтер Мүлкі (мүліктік жағдайы) туралы мәліметтер: автокөлік (автокөліктің маркасы, тіркелу орны, тіркеу нөмірі, сәйкестендіру нөмірлері (сериялық нөмірі)); жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы мәліметтер: сәйкестендіру сипаттамалары (мекенжайы, мекенжайдың тіркеу коды, жылжымайтын мүліктің түрі, кадастрлық нөмірі, меншік нысаны, құрамдарының саны, жер санаты, бөлінуі, нысаналы мақсаты, қабаттылығы, жалпы және тұрғын ауданы); техникалық сипаттамалары; жылжымайтын мүлік объектілерін алу әдісі және негізі Банктік кредиттерінің бар-жоғы және олар бойынша байланыс деректері. Кредиттік рейтингі / жазбасы (кредиттік тарих) Банктік шотының бар-жоғы. Банктің төлем картасының деректері. Қайтыс болған күні. Сенімхат. Біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер: біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы.	ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысы. «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысы. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысы. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының «Автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйеге орталықтандырылған қолжетімділігі бар банктердің меншікті үй-жайына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 30 наурыздағы № 29 қаулысы. ҚР Қорғаныс министрінің «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығы. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығы.
--	--	--	---

		Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер (жеңілдіктер мен мәртебені беруге негіз болатын құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы). Ағымдағы уақыттағы еңбек қызметі оның жоқтығы туралы деректер: жеке портфолио, жұмыс тәжірибесі: лауазымының, құрылымдық бөлімшенің, ұйымның атауын толық көрсету; жалпы және үздіксіз еңбек өтілі; мекенжайлары, телефондары және оларда бұрын атқарған лауазымының толық атауын және осы ұйымдарда жұмыс істеген уақытын көрсете отырып, басқа ұйымдардың деректемелері. Білімі, біліктілігі және арнайы білімінің немесе арнайы даярлығының бар-жоғы туралы мәліметтер. Жүргізуші куәлігі. Әскери міндетті адамдарды және әскери қызметке шақыруға жататын адамдарды әскери есепке алу туралы мәліметтер. Субъектінің кредиттік тарихы туралы мәліметтер. Жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректері, лицензияланатын қызметпен айналысуға берілген лицензияның деректері. Субъектінің заңды тұлғаның капиталына қатысуы – қатысу үлесі туралы ақпарат. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы деректер (бұзушылықтың нөмірі, күні, бабы, айыппұл сомасы). Клиенттердің Kaspi.kz мобильді қосымшасындағы әрекеттері, соның ішінде сатып алу тарихы, ақша қаражатын аудару тарихы, түсіндірмелері, пікірлері, бағалары, сатып алу статистикасы, мета-деректер (кіру уақыты, жиілігі, геолокация, қосымшадағы басудың телеметриясы), мекенжай кітапшалары.	
--	--	---	--

Қысқарған сөздер	Толық жазылуы
------------------	---------------

Банк	«Kaspi Bank» АҚ
Үміткер	Банктегі бос лауазымға үміткер
Дербес деректер субъектісі	Дербес деректер тиесілі жеке тұлға
ҚР	Қазақстан Республикасы
Kaspi.kz	www.kaspi.kz интернет-сайты, Kaspi.kz мобильді қосымшасы